

**Сарыжар мектеп кітапханасының 2022-2023 оқу жылындағы
атқарылған жұмыс есебі**

ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП

"Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар жобасы" аясында кітапханашы Б.Бақытжанова мектеп окушыларына жаңадан келген әдеби кітаптармен таныстырып саяхат жасатты. Окушылар өздеріне ұнаган кітаптарын таңдап алғып, уақыттарын тиімді ері қызықты өткізді.




КІТАП АЙНАЛЫМЫ

«Сарыжар ЖОББМ» КММ кітапханасына "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында «КІТАП АЙНАЛЫМЫ» атты бүршіп жабдықталды.



БАЛА ЖЫЛЫ

2022жыл "Балалар жылы" аясында кітапханада балаларды кітап оқуға тарту мақсатында кітап туралы нақыл сөздер жазылған бүршіп ашылды.



КІТАПХАНАГА ГҮЛ СЫЙЛАЙЫҚ

«КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ» және «РЕСПУБЛИКА КҮНІ» мерекесіне орай мектеп кітапханашысы Бибігүл Сабанбайқызы «кітапханаға гүл сыйла» атты акция үйімдастырып, окушылардың таза экологияда кітап оқуына жағдай жасады.



ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР

Ақтөбе облыстық Фылыми тәжірибелік орталығының жоспарына сәйкес 25 қараша күні «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында Мәртек ауданының «Сарыжар ЖОББМ» КММ – де «Кітапхана- шығармашылық пен жаңашылдық әлемі» атты облыстық көшпелі оқыту семинары өткізілді.



Жаңа жылда-жаңа кітап, жаңа басылым, жаңа мазмұн"

Құрметті оқырман!

Сіздерге "Мазмұндама" қорының негізін қалаушы Шыңғыс Мұқанның басылымдарын ұсынамыз. "Мазмұндама" жобасы танымдық маңызы зор кітаптарды қысқа да нұсқа форматта мазмұндалап, құнды идеяларды оқырманга жеткізу мақсатында әр адам "Оқуға тиіс 10 кітап" сериясын ұсынып отыр. Бұл әр кітапта ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысқан ұлы 10 профессорлардың шығармаларын топтастырган яғни сіз бір кітаптан бір емес 10 шақты шығармамен таныса аласыз, ен тиімдісі сіз бұл шығармаларды бірнеше күндең параптап оқып отырмайсыз, бұл 1 кітапқа енген 10 шығарманы 1 сағатта оқып бітіредіз!



ҚЫСҚЫ КАНИКУЛ

Қысқы каникул кезіндегі оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жоспары аясында «Бірге кітап оқыык» марафонына қатысуыш 3 'A' класс оқушылары

Бұл қысқы каникул аясында оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жоспары аясында «Бірге кітап оқыык» марафонына қатысуыш 3 'A' класс оқушылары

Бұл қысқы каникул аясында оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жоспары аясында «Бірге кітап оқыык» марафонына қатысуыш 3 'A' класс оқушылары



Оқуға құштар мектеп жобасы аясында "Оқы, талқыла өзгеге ұсын!" айдары бойынша білім алушылар оқыған шығармаларын ұсынды.



Электронды кітапхана және QR кодты пайдалану тәртібі. 1. Ұялы телефоныңызға сканер QR-код бағдарламасын орнатыңыз. 2. Кітап мұқабасындағы QR кодты сканерлеу арқылы ертегімен таныса аласыз.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында оқушыларымыз халқының әдет-ғүрпін насиҳаттайтын тың әдеби кітаптармен таныс болды.



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп оқушыларын көктемгі демалыс уақытын тиімді пайдалануда мақсатында "Әлем әдебиетін бірге оқимыз" атты оку марафоны үйымдастырылды.



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында жоспарға сәйкес 2 сәуір Халықаралық балалар кітабы күніне орай 3- сәуір күні мектебіміздің кітап сүйер белсенді оқырмандары Н. Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасына экскурсия жасады. Экскурсия кезінде оқушыларымыз балаларға арналған кітапханамен таныс болды. Оқушылар өздері білетін өлең-жыр шумактарын мәнерлеп айтып, М.Әлімбаевтың 100 жыл толуына орай үйымдастырылған іс-шараға қатысты. Н.Байғанин атындағы облыстық балалар

кітапханасының ұжымына мектеп кітапханасы толағай табыс тілей отырып, сыйлыққа Т.Әбдіковтың "Оң қол" шығармасы мен ертегілер жинағын тарту етті.

Сондай-ақ оқырмандарға үздіксіз рухани азық беріп жүрген облыстық балалар кітапханасыда мектеп кітапханасына балаларға арналған кітапшаларды сыйга тартты. Облыстық кітапхана ұжымына айттар алғысымыз шексіз!



12 сәуір Бүкіләлемдік авиация мен ғарыш күніне орай окушыларға Тәуелсіз еліміздің тұнғыш ғарышкерлері туралы кең түрде мағлұмат беру, өз слінін батырларын құрметтеуге, Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін жетілдіру, ғарыш әлемі және құпия сырларына деген қызығушылықтарын арттыру, зейіндерін дамыту, табандылыққа, шыдамдылыққа бейімдеу мақсатында - кітапханада "Қазактың үш ғарышкер қырандары" атты тәйбліток Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебінің окушыларының қатысуымен етті. Шара барысында көрме инсталляция үйымдастырылып, таныстырылды және окушылар өздерінің билетін ғарышкерлер туралы қызықты мәліметтермен бөлісті.



КЕЛ ОҚИЫҚ

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кел оқиық" оқу марафоны аясында "Нұр-ай бөбек" балабакша бұлдіршіндері ертегі кітаптарымен танысты



1 МАМЫР-БІРЛІК КҮНІ

1 мамыр-бірлік күні мерекесіне орай мектеп кітапханашысы «Қазақ елі татулық мекені» атты кітап көрмесін ұйымдастырды.



ЖАЗФЫ МЕКТЕП АЛАҢЫ



19.06.2023ж «Сарыжар ЖОББМ» КММ-де Жазғы мектеп алаңының З-ші кезеңінде Шабыт тобы жұмысын бастады.

3-4-класстардан күрылған бұл топ таңғы жаттыгулардан кейін, “Ағылшын әдебиеті әлеміне саяхат” жасады. Біздің мектептің бай кітапханасындағы әдеби кітаптарға шолу жасалып, ағылшын тілінен дengейлеріне сай классикалық жанрдағы кітаптардың ағылшынша үлгісін көрді. Ол жерден балалардың тілге қызығушылығын ояту мақсатында балалар фразалар жазып, жаттап, айтып берді.



Кітапхана менгерушісі:  Ш.Т.Малайдарова

«Ақын-Чемал»

